

Ж.О. Есеркепова Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ, Алматы, Қазақстан
e-mail: zhanar_e77@mail.ru

ҚХР САЯСИ ЖҮЙЕСІ: ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІГІ

Бұл мақалада қазіргі Қытай Халық Республикасының саяси жүйесінің әр кезеңдер бойынша өзгеріске түсуі қарастырылған. Сонымен қатар ҚХР саяси жүйесінің тарихи қалыптасуы мен ерекшеліктеріне баса назар аударылады. Саяси идеологияларының өзгерісі әсіресе, Дэн Сяопин реформаларынан бастап бүгінгі күнге дейін талданады. ҚКП жетекші саяси күш ретіндегі рөліне, сондай-ақ қазіргі саяси құрылымның қалыптасуына экономикалық реформаларының ықпалы қарастырылған. Мақалада орталық және жергілікті басқару органдарының өзара іс-қимылы, ҚХР халықаралық саясатқа сай реформалары талданады. Зерттеу нәтижесіне орай ҚХР саяси жүйесінің қалыптасуына қытай басшылары мен ҚКП рөлі, ықпалы бағамдалды. Мақаланың негізгі материалдарын шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеу еңбектері құрайды.

Зерттеудің әдіснамасы ҚХР саяси жүйесінің қалыптасу тарихы, оның «жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктері бар социализм» секілді жүйесін анықтауға мүмкіндік беретін тарихи-аналитикалық және жүйелік талдауға негізделген. Сондықтан ҚХР саяси жүйесінің қалыптасуы мен кезеңдерін талдауға, оның негізгі ерекшеліктерін және ҚХР басшыларының саяси басқару модельдерін салыстырмалы түрде анықтауға мүмкіндік беретін тарихи-салыстырмалы және институционалдық тәсілдер қолданылады. Салыстырмалы әдіс ҚХР басшыларының билігі кезеңдеріндегі Қытай қоғамының саяси тұрғыда басқару жүйелері мен дамуы жайындағы тұжырымдамаларындағы ақпараттарды салыстыруға мүмкіндік береді. Ал тарихи әдіс арқылы мемлекеттік басқару концепцияларын Қытай басшыларының басқару әдістері мен ҚХР саяси-партиялық, мемлекеттік құрылымының ерекшеліктерін ашуға қол жеткізілді.

Мақаламыздың ғылыми жаңалығы ретінде тарихи және институционалдық факторларды ескере отырып, ҚХР саяси жүйесінің эволюциясын жаңа көзқарас тұрғысында жан-жақты қарастыру және оның қазіргі саяси даму контекстіндегі ерекшеліктерін айқындаумен сипатталады. Сондықтан қытайлық басқару моделін басқа саяси жүйелерден даралайтын ерекше белгілері пайымдалды. Қытайлық басқару және шешім қабылдау саласындағы негізгі принциптері мен қабылданған тәжірибелері де талданған. Соның ішінде ҚХР саяси-экономикалық дамуы мен әлеуметтік бағдарламаларын жоспарлауына да көңіл бөлінді. Қытайдың саяси жүйесінің ерекшеліктері, динамикасын қарастыру оның саяси-экономикалық дамуы мен қазіргі әлемдік саясаттағы рөлін түсіну үшін маңызды болып табылады деген тұжырым жасаймыз.

Түйін сөздер: саяси жүйе, ҚХР, ҚКП, Дэн Сяопин, Си Цзиньпин, реформа.

Zh.O. Yesserkepova

Ablai Khan KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan
e-mail: zhanar_e77@mail.ru

Political system of the people's republic of China: history of formation and features

This article examines changes in the political system of the modern People's Republic of China at various stages. It also focuses on the historical development and characteristics of the PRC's political system. Changes in political ideologies are analyzed, particularly from Deng Xiaoping's reforms to the present day. The role of the CPC as a leading political force is examined, as well as the influence of economic reforms on the formation of the modern political structure. The article analyzes the interaction between central and local governments and China's reforms in the context of international politics. The study assesses the role and influence of Chinese leaders and the Communist Party in shaping China's political system. The article draws primarily on research by foreign and domestic scholars.

The research methodology is based on a historical-analytical and systemic analysis of the development of China's political system, its system as "socialism with Chinese characteristics for a new era." Therefore, historical-comparative and institutional approaches are used to analyze the formation and stages of China's political system, identify its key features, and identify the political governance models of China's leaders. The comparative method allows for a comparison of information from concepts of po-

litical governance systems and the development of Chinese society during the reigns of China's leaders. The historical method allowed for the identification of concepts of public administration, the governance methods of Chinese leaders, and the characteristics of China's political, party, and state structure.

The scientific novelty of this article lies in its comprehensive examination of the evolution of China's political system from a new perspective, taking into account historical and institutional factors, and identifying its characteristics in the context of contemporary political development. In this regard, the distinctive features that distinguish the Chinese governance model from other political systems were examined. The key principles and generally accepted practices of Chinese governance and decision-making were also analyzed. In particular, attention was paid to the planning of China's political and economic development and social programs. We conclude that examining the characteristics and dynamics of China's political system is important for understanding its political and economic development and role in contemporary global politics.

Keywords: political system, PRC, Communist Party of China, Deng Xiaoping, Xi Jinping, reform.

Ж.О. Есеркепова

КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан
e-mail: zhanar_e77@mail.ru

Политическая система КНР: история становления и особенности

В данной статье рассматриваются изменения в политической системе современной Китайской Народной Республики на разных этапах. Кроме того, особое внимание уделяется историческому становлению и особенностям политической системы КНР. Анализируются изменения в политических идеологиях, особенно от реформ Дэн Сяопина до наших дней. Рассматриваются роль КПК как ведущей политической силы, а также влияние экономических реформ на формирование современной политической структуры. В статье анализируется взаимодействие центральных и местных органов власти, реформы КНР в русле международной политики. По результатам исследования оцениваются роль и влияние китайских лидеров и КПК на формирование политической системы КНР. Основными материалами статьи являются исследования зарубежных и отечественных ученых.

Методология исследования основана на историко-аналитическом и системном анализе истории становления политической системы КНР, её системы как «социализма с китайской спецификой новой эпохи». В связи с этим для анализа становления и этапов развития политической системы КНР, выявления её основных черт и моделей политического управления лидеров КНР используются историко-сравнительный и институциональный подходы. Сравнительный метод позволяет сопоставить информацию из концепций систем политического управления и развития китайского общества в периоды правления лидеров КНР. Исторический метод позволил выявить концепции государственного управления, методы управления китайских лидеров, особенности политико-партийного и государственного устройства КНР.

Научная новизна статьи заключается в комплексном рассмотрении эволюции политической системы КНР с нового ракурса, с учетом исторических и институциональных факторов, и выявлении ее особенностей в контексте современного политического развития. В связи с этим были рассмотрены отличительные черты, отличающие китайскую модель управления от других политических систем. Также были проанализированы основные принципы и общепринятые практики в области китайского управления и принятия решений. В частности, внимание было уделено планированию политико-экономического развития и социальных программ КНР. Мы приходим к выводу, что рассмотрение особенностей и динамики политической системы Китая важно для понимания ее политико-экономического развития и роли в современной мировой политике.

Ключевые слова: политическая система, КНР, КПК, Дэн Сяопин, Си Цзиньпин, реформа.

Кіріспе

XXI ғасырда Қытай мемлекеті саяси-экономикалық жағынан дамуда айтарлықтай жетістіктерге ие болуда. Негізінен бүгінгі күні де ұлттық, аумақтық, демографиялық және саяси проблемалары бар Қытай Халық Республикасы марксизм идеологиясынан бас тартқан жоқ. Олардың

бұл жүйесі демократиялық орталықтанған институтына негізделген әділетті социалистік қоғам құруға бағытталған еді. Қазіргі уақытта ҚХР қытайлық сипаттағы қуатты дамыған социалистік нарықтық экономикасы бар ел. Қытай аз уақыт ішінде кедей елден қуатты жоғары технологиялық державаға, көптеген экономикалық көрсеткіштер бойынша әлемде жетекші орындарға ие

мемлекетке айналуға. 2021 жылы ҚКП құрылғанына 100 жыл толды. Ал 2017 жылдың күзі Қытайдың басқарушы партиясы үшін ең маңызды жыл болып табылады. Себебі, осы жылғы съезде ҚХР қытайлық ерекшеліктері бар социализмнің «жаңа кезеңіне» кіруін белгілеген еді. Билік партиясының жүз жылдық мерейтойы белгілі бір мағынада «Қытай халқының ұлы жаңғыруы» саласындағы бірқатар тарихи жетістіктерін көрсеткен белес болып табылады. Яғни, Қытай елінің қуатын, қорғаныс әлеуетін, экономикалық дамуын, ғылымы мен техникасын, мәдениетін, әлеуметтік саясаты жетістіктерінің артуын айтуға болады. Бірақ мерейтой қазіргі Қытайдың дамуындағы көптеген аспектілер, оның ішкі және сыртқы саясаты төңірегінде халықаралық дау-дамайдың ұлғаюымен де тұспа-тұс келді. Оған қоса коронавирус індеті де осы кезде басталып, саяси-экономикалық жағдайына әсерін тигізді. ҚХР имиджінің нашарлау тенденциясы аз да болса байқалған еді.

Жалпы Қытай – саяси жүйесі мен ұйымдарында батыстық үлгінің көптеген құрамдас бөліктері жоқ ел болып табылады. Қытайда әртүрлі саяси партиялар арасындағы ашық бәсекелестікке көшу, билік бөлінісін енгізу немесе ақпараттық кеңістікті либерализациялау жақын болашаққа жоспарланбайды. Оның үстіне, қытай элитасы арасында «Қытайдың өрлеуі және Батыстың құлдырауы» концепциясының басым болуы себепті қазіргі жағдайда бұл перспективалар елес болып көрінеді. Бірақ бұл жағдайда Қытай халықпен кері байланыс пен азаматтардың саяси қатысуын арттыру үшін қытайлық ерекшеліктерге сай құралдарды іздемейді дегенді білдірмейді. ҚХР саяси жүйесінің тәуекелдері мен саяси механизмдерінің сақталуының қаншалықты сәтті болатынын уақыт көрсетеді. Сондықтан бұл мақаланы жазудағы да мақсатымыз – қытай қоғамының саяси жүйесінің қалыптасуы мен ҚХР саяси жүйесінің әлемдегі басқа басқару үлгілерінен ерекшелігі, реформа жолындағы күрестері, қазіргі басшысы Си Цзиньпиннің реформаларымен байланыстыра қарап, талдау жасау. Бұл мақсат ҚХР саяси жүйесінің қазіргі жағдайына тарихи, әлеуметтік, саяси факторлардың қалай әсер еткендігін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Біздің қарастырып отырған мәселеміздің теориялық-әдіснамалық негіздерін Қытайдың

саяси режимінің модернизациясы және саяси теориялары құрайды. Себебі, бұл теориялар қарастырған кезеңдегі Қытайдың саяси үдерісін түсіндіруге көмектеседі. Өйткені, соңғы онжылдықтарда ҚХР саяси жүйесінде заңдылықты нығайтуға және халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталған біршама өзгерістер болғанын айтуға болады. Социализм мен капитализм арасындағы идеологиялық қайшылықтарды шешудегі Дэн Сяопин дамытқан «қытайлық ерекшеліктері бар социализмді құру теориясы», «Сяокан» қоғамын құрудағы тұжырымдамалар, Си Цзиньпиннің «жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктері бар социализм» жайындағы идеологиялық-теориялық әдіснамалары мақаламызды жазуға арқау болды. Мақаланы жазу барысында келесідей зерттеу әдістері қолданылды. Салыстырмалы әдіс пайдаланылған зерттеу жұмыстарына сүйене отырып, ҚХР басшыларының билігі кезеңдеріндегі Қытай қоғамының саяси тұрғыда басқару жүйелері мен дамуы жайындағы тұжырымдамаларындағы ақпараттарды салыстыруға мүмкіндік береді. Ал тарихи әдіс мемлекеттік басқару концепцияларын Қытай басшыларының басқару әдістері арқылы тарихи-саяси аспектіде анықтауда көмегін тигізеді. Аналитикалық әдіс арқылы Қытай қоғамындағы саяси режим мен ҚХР қазіргі басшысы Си Цзиньпиннің саяси ұстанымдарына талдау жасалды. ҚХР-ның саяси жүйесі 1949 жылғы халық революциясының жеңісінің нәтижесінде қалыптасты. Қытайдағы мемлекеттің мәнін анықтауда «мемлекеттік жүйе» ұғымы Қытай Халық Республикасының таптық сипатын жұмысшылар мен шаруалар одағына негізделген «жұмысшы табы мен басқарушы халықтық демократиялық диктатуралық социалистік мемлекет» ретінде сипатталады. Ал «саяси жүйе» ҚХР-дағы саяси билікті халық өкілдері жиналыстары түрінде ұйымдастыру формасын білдіреді.

Сонымен қатар тақырып аясындағы мәселе бойынша біраз дереккөздер мен мәліметтер, зерттеу еңбектері де қарастырылды. Мысалы, мәселеге қатысты біршама талдаулар ресейлік ғалымдардың да зерттеу жұмыстарында терең қамтылған. Сондықтан Смирнов Д.А., Зуенко И.Ю., Садченко В.Н., Величко Л.Н., Воскресенский А.Д., Бальчиндоржиева О.Б. т.б. зерттеушілердің ғылыми жұмыстары мақаламызды жазуға арқау болса, қытайлық зерттеушілерден Го Цзиньлун, Гао Вэньцзин, Ван Вэй секілді ғалымдардың ізденген зерттеу еңбектері көп көмегін тигізді.

Сонымен қатар мақаламызды жазу барысында отандық зерттеушілердің тарапынан мәселемізге қатысты Мұқаметханұлы Н. ғылыми мақаласына тоқталып, ҚХР саяси жүйесі, ішкі және сыртқы саясаттарының негізгі бағыттары, ұстанымдары жайлы мәліметтер ала алдық. Ал шығыстанушы ғалымдардан Алдабек Н.А., Бектурганова П.Е., Сериккалиева А.Е., Дәуен Д., Асыл М. бірлескен авторлығымен жазылған зерттеу жұмыстарынан да Қытайдың модернизациялық үдерістері жайында т.б. жанама мәліметтер кездескенін айтуға болады.

Нәтижелер мен талдаулар

Қытайды басқарудағы демократиялық саясаттың жойылуына XX ғ ортасындағы Мао Цзедунның «Үлкен секіріс» саясаты мен «коммунизмді» жүзеге асыру әрекеті, содан кейін 1966-1976 жж. «Мәдени революциясы» ықпал етті. Мао Цзедун қайтыс болғаннан кейін, 1970 жж. соңына қарай Қытайда билік институттарының толыққанды қызметін қалпына келтіру процесі басталған еді. Бұл кезең Дэн Сяопиннің басшылығымен іске асқан «социалистік жаңғырту» дәуірімен түспа-түс келді. Осы кездері ҚХР реформалар бағытына бет бұрған соң, елдің даму жолын өзгерту қажеттігі туындап, белгілі бір саяси өзгерістер орын ала бастайды. 1979 ж. көктемде Дэн Сяопин елді жаңғыртуды сәтті жүзеге асыру үшін өзінің белгілі төрт негізгі қағидаға сүйену қажет екенін мәлімдейді. Яғни, белгілі социалистік даму бағыты, пролетариат диктатурасы, Қытай Коммунистік партиясының жетекшілік рөлі, марксизм-ленинизм идеялары болды. Осылайша, саяси жүйені жаңғырту әр кезеңнің нақты міндеттеріне сай өзгеріп отырды. Реформаның басты мақсаттарына социалистік құрылымды нығайту, өндіріс әлеуетін арттыру, социалистік демократияны жетілдіру және бұқара халықтың белсенді қатысуын қамтамасыз ету секілді салалар кірді (Смирнов, 2008: 163).

Бұл өзгерістердің барлығы социалистік демократияның дамуына бағытталған еді. Сол бір кезеңдері ҚХР Кеңес Одағының социалистік моделін толығымен қабылдай алмайтынын және Батыс елдеріндегі либералды реформаларға еліктемейтінін анық көрсетті. Елде сөз бостандығы мен кейбір жеке еркіндіктер сақталғанымен, көппартиялық жүйе мен билікті заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлу қағидалары енгізілген жоқ. Дэн Сяопин мұндай батыстық үлгілер Қытайда саяси

тұрақсыздық пен бейберекеттік тудыруы мүмкін деп есептеді.

Саяси реформаның маңызды кезеңі Дэн Сяопин бастаған, жалпы орталықтандырылған кадрларды бөлуде бұрынғы басшылық жүйесін ауыстыруға арналған ҚХР тұрақты мемлекеттік қызмет жүйесін реформалау болды. 1980-90-шы жылдары ҚХР-дың Адам ресурстары министрлігі әзірлеген бұл реформа кадрларды іріктеу мен тағайындаудың нормативтік-құқықтық базасын қалыптастыру жолын ұстанды. Яғни, осыдан соң кадрларды емтихан тапсыру нәтижелері арқылы іріктеп, тағайындау орын алды. Осындай реформалардың нәтижесінде кадрларды ауыстыру, бақылау, аттестациялау жүйелері реттеле бастаған еді.

Осылайша ҚХР саяси жүйесін реформалау жайында Дэн Сяопин жүргізген жұмыстарын қарастырудың негізінде экономика саласына нарықтық қатынастарды енгізу бағыты саяси жүйедегі түбегейлі өзгерістермен қатар жүрмегенін атап өткен жөн. Ол әзірлеген саяси жүйе реформасының мазмұны экономиканы ырықтандырудың кеңеюінен кейін социалистік жүйені өзгертумен шектелмеді. Оған қоса Дэн Сяопин саяси-әкімшілік тәсілді де жетілдіруді бастады. Бұл жүргізілген іс-шаралар экономикалық реформалардың қажеттілігінен туындаған мәселелерді шешуге бейімделді. Дэн Сяопин барлық объективті жағдайларды ескере отырып, «алға аса да ұмтылмау» саясатын ұстанды. Шын мәнінде, Дэн Сяопин салған қытайлық социалистік жаңғырту жолының ерекшелігі экономикалық либерализмнің берік авторитарлық саяси билікпен үйлесуінде жатыр. Қытай бұрынғы КСРО-ның ыдырау тәжірибесін ескеріп, саяси ашықтық пен демократиялық өзгерістер үдерісі негізінде өзіндік ерекшелікпен, өз бетінше дамуы қалыптастыра бастайды. Бірақ ол экономикалық, әлеуметтік және заңдық негізі болмағандықтан, қолдау таппады.

Сондықтан ҚКП-ның XV съезінен кейін саяси жүйені реформалау күшейе бастайды. Биліктің парламенттік тармағының батыстық екі палаталы үлгісін көшіруден бас тартумен бірге барлық деңгейдегі халық жиналыстары жүйесінің рөлі артты. Қытай Коммунистік партиясы ұстануға міндеттенген «заңға негізделген үкімет» принципі жүзеге асырылды. Орталық және жергілікті деңгейде қолданыстағы заңнаманы жетілдіру және қазіргі заманғы заңнамалық базаны құру жөніндегі заң шығару жұмыстары күшейтіліп, саяси жүйені реформалауға қатысты

зандар қабылданды. Кәсіпорындарда, мекемелерде, ауылдарда «жалпы демократия» жүйесі кеңейді. Мемлекеттік аппараттың қызметтері қажетті деңгейге дейін қысқартылып, басқару жүйесі оңтайландырыла бастады. Барлық мемлекеттік органдар мен полицияда, әскери салаларда коммерциялық іс-әрекеттермен айналысуларына рұқсат етілмеді. Партиялық саясат бірте-бірте халық жиналыстары жүйесі аясындағы заң шығару және басқа да қызмет арқылы мемлекеттік саясаттың деңгейіне көшті. Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының үкімет жұмысына бақылауы күшейді. Заңнамада белгілі бір деңгейде демократиялану болды.

Барлық бөлімдердегі басшыларға бақылауды күшейту, кадрлық дамуды жақсарту, атап айтқанда, мемлекеттік органдарда жұмыс істейтін қызметкерлерді емтихан тапсыру арқылы іріктеу бойынша да кадр жұмысы күшейтілді. Олардың оқуы мен білімі де, барлық деңгейдегі халық құрылтайлары мен Қытай Халықтық саяси консультативтік кеңесіндегі демократиялық партиялардың, партиясыз жетекшілердің және ұлттық азшылықтардың кадрлық өкілдігі кеңейді (Зуенко, 2017: 34). Ел басшылығы партиялық және мемлекеттік аппаратты бүлдіретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды шараларды қолға алды. Оған қоса ауылдағы өзін-өзі басқарудың негізгі жүйесінде айтарлықтай демократияландыру болды. Қабылданған құжаттарда ауыл ақсақалдарының халық сайлауы жүйесін енгізуі қарастырылған. Бұрын олар ҚКП ауыл ячейкаларының хатшылары арасынан тағайындалатын. Ауылды басқаруда ашықтық, басқару мен бақылау жүйесіне де демократияландыру енгізіле бастады. Сонымен бірге, «жалпы демократия» элементтерін енгізудің алғашқы тәжірибесі дауыс беру нәтижесіне ауылдың бай элитасының әсері, жергілікті билік органдарының қалыптасуына рулық дәстүрлердің әсері, ауыл мен аудан басшылары арасындағы, ауылдағы сайланбалы өзін-өзі басқару мен ауылдық партия ұяшықтары арасындағы қайшылықтардың көрінісі секілді бірқатар проблемаларды анықтады.

Саяси жүйені реформалауды идеологиялық қамтамасыз етудің негізі ҚХР басшылығы жүргізіп отырған социалистік жаңғырту бағытының мәнін құрайтын «реформа, даму, тұрақтылық» үштігінің құрамдас бөлігі ретінде қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтауға бағытталуы болып табылады. Егер реформа өндіргіш күштердің дамуының қозғаушы күші ретінде қарастырылса,

ал даму әлеуметтік қайшылықтарды бірте-бірте шешіп, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін бірден-бір жол болды. Ал тұрақтылық экономикалық даму мен реформалардың қалыпты жүруінің алғышарты ретінде қарастырылды.

2001 жылы 1 шілде күні осы жағдайлардан кейін ҚКП бас хатшысы Цзян Цзэминь арнайы үндеу жариялап, партияға жаңадан үш талап қойған еді. Мәлімдеме негізінде партия ғылым мен мәдениеттің алдыңғы қатарлы жетістіктерін, өндіріс әлеуетін және халықтың мүдделерін саяси бағытына енгізе бастады. Оның бұл идеясы ҚКП Жарғысына «үштік өкілдік» деген атаумен қолданысқа енгізілді. Яғни марксизм-ленинизм, Мао Цзедун көзқарастары мен Дэн Сяопиннің теориясының жалғасы ретінде қабылданды. Бұл «үштік өкілдік» идеясы бірден ұзақ мерзімді мақсат-міндеттерді шешуге ықпалын тигізген еді. Атап айтқанда, партияның әлеуметтік негізін күшейту, беделін арттыру, оның саяси бағыты мен идеологиялық негізін жаңарту ең маңыздылары болды. Сондықтан Цзян Цзэминь жеке кәсіпкерлер мен жұмысшыларды «қытайлық ерекшелігі бар социализмді» құрушылар ретінде танып, оларды партияға қабылдауды ұсынды. Цзян Цзэминьнің басшылығы кезіндегі бұл саяси шешім экономикалық дамуға да әсер етіп, Қытайдың орташа жылдық экономикалық өсімі 9,7% құрай бастады. ҚКП мұндай басқа да шешімдері Қытай экономикасының дамуын арттыра бастады. 1996 жылы «Ұзақ мерзімді мемлекеттік реформалар бағдарламасы» қабылданған болатын. Мемлекеттік жаңғыртудың ұзақмерзімді жоспарының негізгі мақсаты Қытайда 2000 жылға қарай нарықтық экономиканың дамуына ықпал ететін әкімшілік жүйені құру еді. Бұл бағдарламаның түпкі мақсаты 2015 жылға қарай «озық нарықтық экономика» деп аталатын жағдайда жұмыс істейтін және тиімді «жанама басқаруды, бақылауды және экономикадағы тепе-теңдікті сақтауды» қамтамасыз ететін «заманауи әкімшілік жүйе» түрінде жүзеге асырылуы тиіс еді. Бұл жағдайда жетекші бағыт бойынша «шағын үкіметті» құру керек болды. Сондықтан бағдарлама мұндай мақсаты мен міндеттеріне бүгінгі күні қол жеткізуде деп айтуға болады.

ҚКП өміршендігіне басшылықтың жаңа әдістері, оның саяси бағытын жаңарту жолдарын үнемі іздестіру қолдау тауып отыр. Дегенмен, саяси бағыттың идеологиялық негізі өзгеріссіз қалды. Өйткені отыз жылдан астам саяси модернизация қарқыны үдей түскен жоқ. Ішкі партиялық құрылыс жүйесінде және оның мем-

лекеттік құрылымдарға және жалпы қоғамға ықпалын күшейту саясатында партияның тәрбиелік және бақылау функцияларын күшейтуге көбірек мән берілді. Осы орайда туындайтын маңызды мәселелердің бірі – ұлтжандылыққа тәрбиелеу, ұлттық рухты көтеру болды. 1993 жылы 15 қаңтарда үгіт-насихат корпусы басшыларының жиналысында Цзян Цзэминь бүкіл әлемде халықты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңыздылығына ерекше назар аударды. Ал халқы көп Қытайда бұл міндет бұрынғыдан да өзекті еді (Бальчиндоржиева, 2015: 106).

Осылайша Цзян Цзэминь жасалып жатқан саясаттың табысты болуы үшін жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлген еді. Халықтың отансүйгіштік сезімдерін ояту мақсатында ұлттық мерекелер мен елеулі дата-ларды еске алып, мерекелеуге арналған тамаша іс-шараларды ұйымдастыруларды қолға алады. Оған қоса Қытайдың көрікті жерлері мен тарихи, революциялық қайраткерлердің ескерткіштерін аралап, мемлекеттік рәміздері – Ту мен Әнұранды үнемі назарда ұстау қажет болды. Осы талапты негізге ала отырып, ол барлық деңгейдегі басшыларды жаңа формациядағы патриоттардың үлгісі ретінде қалыптастырып, олардың сөзі мен ісі халыққа ықпал ете алатындай тәрбиелеу қажет екенін атап өтті. Барлық деңгейдегі көшбасшылар миллиондаған қытайлықтардың патриоттық тәрбиесіне тиімді әсер етуші күш болды. Осылайша, ҚХР-дың қазіргі басшылығы патриотизммен қатар, социализм идеяларына, партиялық бағытта тәрбиелеуге көп күш салған еді.

Қытай Халық Республикасындағы демократияның кілті – халық өкілдері институты. Ұлттық шындықтарды ескере отырып, Қытай Батыс елдеріндегідей қос палаталы емес, бір палаталы парламенттік жүйені орнатты. Цзян Цзэминь мен Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының бұрынғы төрағасы Ли Пэн батыстық демократия туралы өз пікірлерін білдіргенімен, бірақ олар оған балама ретінде Қытай демократиясын немесе қытайлық ерекшеліктегі демократияны алға тартқан жоқ. Цзян Цзэминь: «Батыстың саяси жүйелерін көшірудің еш қажеті жоқ. Қытайдың біртұтастығы мен экономикалық дамуын тек социализмнің саяси жүйесін сақтау және жетілдіру ғана қамтамасыз етеді», – деп тұжырымдаған еді. Соңғы уақытқа дейін саяси реформаның мазмұнын Қытай басшылары тек қана қалыптасқан саяси жүйені жетілдіру позициясынан қарастырып келді. Батыс демок-

ратиясының негіздерін ҚХР-ға енгізу әрекеті Қытайдың тұрақтылығына қауіп төндіреді деп саналады. ҚКП XVI съезінде ұлттық рухты тұрақты түрде көтеру және енгізу туралы нұсқау ұсынылды. «Ұлттық рух – ұлттың сақталуы мен дамуының адамгершілік тірегі. Руханиятсыз, биік имандылықсыз ұлт басқа ұлттардың арасынан өз орнын таба алмайды» деген ҚКП идеялық жаңалығы оның негізгі идеяларының кешеніне ұлттық рухты көтеру қажеттілігі талабын енгізу болды. Ұлттық рухтың көтерілуі мен жүзеге асуы ҚХР-да «стратегиялық міндет» деп аталады. Яғни, сол арқылы Қытай елінің заманауи дамуының ең күрделі мәселелерін шешу үшін жаңа қондырғының маңыздылығына тоқталды. Қытай басшылығының көзқарасы бойынша ұлттық рухтың өзегі – патриотизм деп есептеді. Екінші жағынан, ұлттық рух бүкіл Қытай мәдениетінің, соның ішінде дәстүрлі мәдениеттің де негізі болып табылады (Го Цзиньлун, 2019: 42).

Қытайда нарықтық қатынастар дамып келе жатқан соңғы жылдарда жаңа экономикалық құрылымдар пайда болып, ал қытай халқының дүниетанымында да өзгерістер орын ала бастады. Бұл жағдай Қытай Коммунистік партиясының негізгі қағидаларымен толық үйлесе бермейтін түрлі көзқарастардың пайда болуына себеп болады. ҚКП мұндай жағдайдан шығу үшін қоғамдағы маңызды деген салалардың жұмыстарын күшейтіп, барлық әлеуметтік күштерді жұмылдыруды талап еткен еді. Біріккен патриоттық майдан мен Біріккен майданның жетекші органы Қытай Халықтық саяси консультативтік кеңесі осы мәселені шешуге шақырған болатын. Қытай қоғамының әлеуметтік бөлінісінің күшеюі, жаңа әлеуметтік қайшылықтар мен қақтығыстардың пайда болуымен ұштасып жатқан әлеуметтік мүдделердің жаңа құрылымының қалыптасуы қоғамдық сана мен үстемдік етуші идеологияға қатты әсер етеді. Бұл идеология саласындағы күрестің күрт шиеленісуіне әкелді.

2013 жылғы Коммунистік партияның XVIII съезіне дейінгі жылдарда партияны жеделдетілген экономикалық дамуды жалғастыруды жақтаушылар мен оның әлеуметтік, идеологиялық және моральдық шығындарына наразылар болып бөліну қаупі төніп тұрды. Осындай жағдайларда ҚКП-ның «өзіндік жолын іздеу» негізінің қалыптасуы керек болды. Бұл жол Қытайда болып жатқан «жүйелік өзгерісімен» байланысты болды. Яғни, реформа мазмұнының экономикалық саладан мемлекеттік қызмет саласына таралуына, коммунистік партия «Қытайдың

саяси өзегін» құруға және дамытуға әкелді. Коммунистік партияның алдында өз ұстанымдарын нығайту үшін «саяси заңдылықтың жаңа көздерін» табу міндеті тұрды. ҚКП басшылығының идеялық-теориялық тұғырнамасы ұзақ жылдар бойы қытайлық ерекшелікпен социализм теориясы болды. Қоғамдық-саяси дамудың прогрессивті траекториясы идеологиядағы доктриналық қағидалардың сабақтастығына негізделген билікті ұдайы өндіру механизмімен де қамтамасыз етіледі. Қытайдың бұрынғы басшылығы Ху Цзиньтао мен Вэнь Цзябао өздеріне дейін билікте болған «үшінші» аға буын өкілдерінен өкілеттіліктерді қабылдайды. Биліктің басқарушы элита арасындағы консенсус негізінде ауысуы ҚКП үшін үлкен саяси табыс болды. Нәтижесінде, жаңа басшылар үлкен көлемде формальды билікке ие болды. Дегенмен олардың алдында әлі де болса партиялық-мемлекеттік аппаратқа өз кадрларын көтеру бойынша үлкен жұмыс тұрды.

Ал Ху Цзиньтао бастаған көшбасшылардың төртінші буыны білім деңгейі, орта жас және сол кезеңді бағындыра білуі жағынан жаңа типтегі көшбасшыларды бейнелейді. Ол қытай қоғамының әлеуметтік құрылымының өзгеруімен сипатталатын күрделі ортада жұмыс істеуіне тура келді. Нарықтық қатынастардың дамуы нәтижесінде жергілікті және орталық деңгейде билеуші элитамен тығыз байланысқан жаңадан мүдделі топтар қалыптасты. Бұл жағдай саяси шешім қабылдау үдерісі мен басшылықтағы күштер тепе-теңдігіне өз ықпалын тигізген еді. XVI съезде Қытайда «қалыпты өркендеген қоғам» құру тұжырымдамасы қабылданып, ол жан басына шаққандағы ЖІӨ-ні дамыған елдер деңгейіне жеткізуді және жаңғырту үдерісін аяқтауды мақсат етті. Бұл мәселелерді шешуде саяси жүйені одан әрі жетілдіру маңызды рөл атқаруы тиіс. Съезд ҚКП басшылығымен халық құрылтайларының қалыптасқан жүйесін және көппартиялық ынтымақтастық институтын дамытуды басым бағыттар ретінде белгіледі. Оған қоса құқықтық тәртіпті нығайтып, жергілікті мемлекеттік басқару жүйелері, құқықтық тәртіпті нығайту, мамандар даярлау мен іріктеу жүйесі, саясатын реформалауды дамытуды қайта қарастырды. Ал қоршаған орта, экономика, әлеуметтік, білім беру салалары, ғылым және мәдениет секілді қоғамның барлық салаларын үйлестіріп, дамытуға бағытталған «дамудың ғылыми тұжырымдамасы» іске асырылған еді. Қытайдың әлеуметтік-экономикалық дамуының жалпы бағыты өзгеріп, рефор-

малар негізінен әлеуметтік мәселелерді шешуге бағыттала бастады (Смирнов, 2008: 165).

Қытайда «үйлесімді қоғам» құру үшін қоғамдық басқару жүйесінде барлық негізгі қозғаушы күштерді жұмылдыру қажет болды. Халықтың барлық мүддесі мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында әртүрлі әлеуметтік топтардың да қажеттіліктерін реттеуге ерекше назар аударылды. Ал партияның «қоғамдық құрылымы мен басқару» артыруда қоғамның барлық топтарымен жұмыс жасай білу, әлеуметтік инженерия, олардың талаптарын үйлестіру, қайшылықтарды жою міндеті алға қойылды. Жалпы алғанда, Қытайдың «үйлесімді қоғам» құру бағдарламасы әлеуметтік қақтығыстардың алдын алатын және екі әлеуметтік полюс арасындағы алшақтықтың одан әрі өсуіне жол бермеу үшін әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін реттеуге бағытталған.

Халықаралық қатынастар саласында ішкі жағдайды ескеріп, Қытай мемлекетінің сыртқы саяси стратегиясын жүргізе отырып және әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қолайлы халықаралық деңгейде жағдайлар жасап, оны ғылыми негізде талдау жоспарланды. Қытай өзінің егемендік пен ұлттық қауіпсіздікті қорғау мақсаттарына сүйене отырып, мемлекеттік мүдделерін іске асыруда қолайлы мүмкіндіктерді пайдаланып, халықаралық мәселелерді реттеуде белсенділік таныту керек болды. Қытайдың саяси жүйені реформалауының мұндай мақсаты, «социалистік нарықтық экономика» жүйесін одан әрі дамытуға қол жеткізу болып табылады. Сонымен бірге, нарықтық экономика социалистік саяси жүйе үшін белгілі бір сынақ ретінде көрінеді. Сондықтан ҚХР саяси жүйені реформалаудың басты ерекшелігі қоғамдық қатынастарды реттеу және қоғамда пайда болған қайшылықтарды шешу тетігі рөлін алған ҚКП-ның мызғымас көшбасшылық ұстанымын сақтау болды.

Барлық деңгейлерде тиімдірек басқаруды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың функцияларын өзгертуге бағытталған әкімшілік реформаға үлкен мән берілді. Сегізжылдық дайындық жұмыстарынан кейін 2005 ж. сәуірде ашықтық және реформалар кезеңінде қалыптасқан қолданыстағы құқықтық нормалар, кадрлық саясатты заңнамалық деңгейге жеткізетін «Мемлекеттік қызметшілер туралы» жаңа Заң қабылданды. ҚХР Мемлекеттік кеңесі 2011 жылы Қытайдың бейбіт дамуы жайында Ақ кі-

тапты жариялайды (Белая книга, 2011). Ақ кітапта ҚХР халқы көп ірі дамушы ел ретінде, өз бетінше дамуы керек деген қағиданы ұстанады. Қытай экономикалық және әлеуметтік дамуды, ең алдымен, өз күшіне, реформалар мен инновацияларға сүйену арқылы ілгерілететіні атап өтілген. Сондықтан «саяси күш сырттың әсерінен емес, елдің өз ішінде қалыптасуы тиіс» деген ұғым қамтылған. Ақ кітап бойынша ҚХР әлі күнге дейін барлық елдерге ортақ батыстық үлгідегі демократия үлгісінің бар екенін үзілді-кесілді жоққа шығарады. Қолданыстағы Қытай моделі Қытайдың өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес келетін демократиялық өзін-өзі басқару үлгісі ретінде қарастырылады. Яғни, Қытай қоғамының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының нақты деңгейіне сәйкес және ұзақ мерзімді тұрақты және жан-жақты дамудың негізгі міндетін орындау үшін қажетті саяси жағдайларды қамтамасыз ету қажет.

Бүгінгі таңда ҚХР саяси жүйені реформалауды дамытуда мынандай ережелерді қарастырады:

– «халықтық демократияға» ең алдымен қолданыстағы саяси жүйе шеңберінде халықтың саяси қатысуын кеңейту тұрғысынан баса назар аудару. Бұл жерде артта қалу да, алға аса ұмтылу да қабылданбайды. Яғни, қытайлық қоғам орта деңгейді ұстап тұру қажет. Қытайдағы демократияландыру өзге елдердің демократиялық үлгілеріне еліктеу арқылы емес, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы алға жылжыған сайын «біртіндеп» жүзеге асырылуы керек;

– қытайлықтар «халық – қожайын» деген ұранға көңіл бөліп, халық құрылтайлары мен Қытай халықтық саяси консультативтік кеңесі жүйесінің рөлін арттыру. Демократиялық кері байланысты дамыту, ҚКП мен демократиялық партиялар арасындағы ынтымақтастықты кеңейту, демократиялық бақылау тетіктерін жетілдіру, саяси қатысу механизмдерінің тиімділігін арттыру;

– әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға мән беру. Ол әлеуметтік әділеттілік пен саяси тұрақтылықты қамтамасыз етумен қатар, экономикалық даму буржуазияның емес, бүкіл халықтың мүддесіне сай келетінін көрсетуі керек;

– жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту;

– заңға негізделген басқаруға баса назар аудару. Дегенмен бұл жағдайда Қытайдың ерекшеліктерін ескеру керек деген. Өйткені ҚХР-ның сот жүйесі Батыстағыдай толық тәуелсіз бола алмайды. Сондықтан қоғамның саяси жетекші

күші Коммунистік партия болып табылатын Қытайдың ерекшеліктерін ескеру;

– шенеуніктердің билігін шектеуге баса назар аудару.

Қытай зерттеушілерінің пікірінше, бұл шешімдер социалистік демократияның мәні болып есептелетін халық билігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан демократияның батыс үлгісі Қытайға аса сәйкес келмейді. Оның үстіне, билік органдарының халық көпшілігінің мүддесін қамтамасыз ете алуы елдің әлеуметтік-экономикалық қарқынды дамуының тұрақты жалғасуына кепілдік беретін қоғамдық-саяси тұрақтылықтың сақталуын тікелей анықтайды. Осының барлығы ҚХР басшылығына қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізгі міндетін шешуге көмектеседі. Яғни, онсыз Қытайдың сыртқы әлемге ашықтығы артып, оның жаһандық интеграциялық процестер мен бәсекелестікке қатысуы артып отырған жағдайда елді жаңғырту және орташа табысы бар қоғам құру жөніндегі орасан зор бағдарламаны жүзеге асыру мүмкін емес болды.

Ал Си Цзиньпин билікке келген соң 2017 жылы 18-24 қазанда ҚКП-ның XIX съезінде бас хатшы «қытайлық ерекшеліктері бар социализмнің» «жаңа дәуірі» басталғанын жариялаған еді. Бұл билік партиясы көшбасшысының стратегиялық жоспарын түсінуге және оның жаңашылдықтарының идеялық-теориялық мәнін нақтылауға мүмкіндік береді. Съезден кейін бірден келесі шақырылымдағы ҚКП Орталық Комитеті ұсыныс жасап, мемлекеттің жоғары заң шығарушы органы – Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының сессиясы ҚХР Конституциясына түзетулер енгізуді мақұлдады. Яғни, бұл елдің қазіргі басшысына өкілеттігінің мерзімін шектемей билікте қалу мүмкіндігін береді. ҚХР мемлекеттік жүйесінің тұжырымдамалары туралы конституциялық кіріспеге Мао Цзэдун, Дэн Сяопиннің қосқан үлестерімен қатар енді Си Цзиньпиннің басқарушы идеялары да қосылған еді. «Қалыпты өркендеу қоғамын құру», «қуатты, демократиялық, өркениетті, үйлесімді, жаңғыртылған социалистік мемлекетті құру» деген сияқты ауқымды мақсаттар жарияланды. Яғни, «қытай халқының ұлы гүлденуі үшін Қытай арманының жүзеге асуын» қолға ала бастады. ҚКП XIX съезіндегі баяндамада: «Қытайдың ашық есіктері жабылмайды, олар кеңірек ашылады. «Бір белдеу, бір жол» жобасы бастамасын жүзеге асыруға баса назар аудара отырып, біз «сырттан алуға» және «сыртқа шығуға» бірдей мән беруі-

міз керек. Бұдан бөлек, «бірлесіп кеңесу, бірлесе қалыптастыру және ортақ пайдалану» қағида-сы да басшылыққа алынуы тиіс. Инновациялық әлеует саласындағы ашықтық пен ынтымақтас-тықты кеңейту, құрлықта және теңізде, Қытай-да, шетелде тараптардың өзара іс-қимылымен, сондай-ақ Шығыс және Батыс бағыттағы өзара тиімділікпен сипатталатын ашықтық архитек-турасын қалыптастырған жөн», – деп айтылған (Гордон, 2020: 170).

Қытай үкіметінің алдында «Америка арма-ныннан» да тартымды идеяны жасау, ілгерілету және жүзеге асыратын міндет тұр. Мұндай идея қазіргі уақытта Қытайда соңғы онжылдықта белсенді түрде таралып келе жатқан «Қытай ар-маны» тұжырымдамасы болып табылады. «Қы-тай арманы» ұғымы ХХІ ғ. басында пайда бол-ды. Оны үкімет деңгейінде Си Цзиньпин 2012 жылдың қарашасында «Қытай халқының ұлы жаңғыруы», «ұлттық жаңғыру» және «қалыпты өркендеген қоғам» құрылысы ретінде айтқан бо-латын. Қазіргі уақытта «Қытай арманы» халық-ты біріктіретін элемент болып табылады. Сон-дай-ақ ол Си Цзиньпин басшылығының басым бағыттарын көрсететін жалпы тұжырымдама және Қытайдың ішкі және шетелдегі идеология-лық және үгіт-насихат жұмыстарының негізгі элементі ретінде қызмет етеді. «Ұлы жаңғыру» бағдарламасына Дэн Сяопиннен бастау алған Сяокан – «орташа өркендеу» қоғамына қол жет-кізу міндеті кірді. Си Цзиньпиннің декларация-сындағы бұл міндетті шешу 2021 ж. ҚКП құрыл-ғанына 100 жыл толуына байланысты болды. Бірақ одан да жоғары ҚХР 100 жылдығына, 2049 жылға қарай «бай және қуатты, демократиялық және өркениетті, үйлесімді және заманауи со-циалистік мемлекет» құру мақсаты жарияланды (Гао Вэньцзин, 2022: 210).

«Қытай арманы» мұндай режимдер үшін әдеттегідей халықты саяси және идеологиялық санаға сіңіруге жаңа тыныс берді. Бұл салада Си Цзиньпиннің билікке келуі белгілі бір дәрежеде «жаңа дәуірдің» келуін білдірді. Жоғары білім беру жүйесіндегі өзгерістер ерекше байқалады. Студенттерге билік партиясының идеологиясы-ның негіздерін үйрету және оның өткен жылдар-да әділетті түрде рәсімделген қазіргі заманғы саяси бағытының міндеттерін ұғындыру жүйе-сі қайта жанданды. Мұның бәрі оқу мәтіндерін оқытуда және жаңғыртуда дәстүрлі қытай ди-дактикалық әдісіне сәйкес жүзеге асады. Тағы бір таныс бағыт – ақпаратқа бақылауды күшей-ту. Си Цзиньпин ұлттық қауіпсіздікті қамтама-

сыз етудің стратегиялық міндеті және мемлекет-тік басқарудың маңызды функцияларының бірі ретінде БАҚ бақылаудың маңыздылығын бір-неше рет атап өтті. Қытайда іс жүзінде тәуелсіз медиа арналар қалмады. Шамамен 4 мың адам интернетті мұқият қадағалап, тіпті Facebook, YouTube, Twitter және басқа да халықаралық әлеуметтік желілердің жұмыс істеуіне тыйым салынды. Қытайлық модернизация моделінің жетістігі Қытай қоғамының одан әрі дамуын айқындайтын берік идеологиялық және теория-лық негіздің болуымен байланысты. «Қытайлық сипаттағы социализм теориясы» – дамудың екі негізгі тұжырымдамасын біріктіретін құрылым, яғни қалыпты орта таптық гүлденген қоғам құру және үйлесімді қоғам құру. Олар өз кезегінде жеке идеяларға немесе әдістемелік принциптер-ге сәйкес келеді. Мысалы, «халыққа қызмет ету» («вэй жэньминь фуу»), «халық – негіз» («и жэнь вэй бэнь»), ғылыми даму бағдарламасы, мораль-дық негіздегі басқару тұжырымдамасы, заңға негізделген басқару концепциясы. Модерниза-ция идеясының өзі қоғамның экономикалық, саяси және мәдени өміріне үнемі жаңалық енгі-зуді талап етеді. Сондықтан модернизацияның теориялық және философиялық негіздері үнемі жаңартылып отыруы керек. Дегенмен, бұл ескі дәстүрлерден бас тартуды білдірмейді. Бірақ ол дәстүрлі құндылықтарды үйлесімді пайдаланып, оларды ғылымның, философияның, жалпы мә-дениеттің қазіргі жетістіктерімен синтездейді. Қазіргі заманда Қытайда қарама-қайшылықтар сәтті және ыңғайлы түрде біріктірілген. Мыса-лы, социалистік жүйе мен капитализм элемент-тері, дәстүрлер мен инновациялар, батыстық және қытайлық үлгілер. Мұндай комбинация көпшілікке ыңғайлы және түсінікті ұрандар тү-рінде жүргізіледі (Садченко, Величко, 2018: 4).

Қытай Халық Республикасының мемлекет-тік жүйесі халық жиналыстарының өкілді ор-гандарының толық билігі бар республика ретін-де қалыптасты. Олар болыстан бастап барлық әкімшілік деңгейде құрылған. Мемлекеттік би-ліктің ең жоғарғы органы – бес жылға сайлана-тын Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы. Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының сессиялары жылына бір рет, әдетте наурыздың бірінші жартысында шақырылады. Сессиялар аралығында тиісті өкілеттіктерді БХӨЖ Тұрақ-ты комитеті жүзеге асырады. Тікелей депутаттар сайлауы болыс және уездік деңгейде өткізіледі. Басқа деңгейдегі депутаттарды төменгі сатыда-ғы Халық құрылтайлары сайлайды. 2023 жылы

5-13 наурызда Бейжіңде 14-ші Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының бірінші отырысы өтті (Политическая система, 2023).

Өкілді органдар өз деңгейінде мемлекеттік құрылымдардың басқа да тармақтарын – үкіметті, сот жүйесін, прокуратураны және оларға есеп беретін әрі бағынысты бақылау комитеттерін қалыптастырады. Бүкілқытайлық халық өкілдері құрылтайы ҚХР Төрасы мен оның орынбасарын, Орталық әскери кеңес басшыларын (мемлекеттің қарулы күштерін басқаратын жоғары орган), Жоғарғы халық соты мен Жоғарғы халық прокуратурасының төрағаларын, сондай-ақ Мемлекеттік кеңестің Премьерін, оның орынбасарларын, Кеңес мүшелерін, министрлер мен ведомстволар басшыларын, соның ішінде Қытай Халық банкінің төрағасы мен бас аудиторды сайлау құқығына ие. ҚХР Төрасы Си Цзиньпин бұл қызметке алғаш рет 2013 жылдың наурызында сайланып, 2023 жылы үшінші мерзімге қайта тағайындалды. Ал Мемлекеттік кеңестің қазіргі Премьері – 2023 жылдың наурызынан бастап Ли Цян, Қытай Халық Өкілдері Бүкілқытайлық жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы – Чжао Лэцзи, ҚХР Төрағасының орынбасары – Хань Чжэн.

ҚХР-да мемлекеттік басқару 2022 жылдың басына қарай 96,71 миллионнан астам мүшесі болған билеуші КҚП тікелей басшылығымен жүзеге асырылады. ҚХР-да көппартиялы ынтымақтастық механизмі шеңберінде КҚП басшылығын мойындайтын сегіз демократиялық партия бар. Олардың қатарында Қытай Гоминьдан революциялық комитеті, Қытайдың демократиялық Лигасы, Қытайдың демократиялық ұлттық құрылыс қауымдастығы, Қытайдағы демократияны дамыту қауымдастығы, Қытайдың жұмысшы-шаруа демократиялық партиясы, Қытайдың әділеттілікке ұмтылуы партиясы, 3 қыркүйек қоғамы және Тайвань демократиялық өзін-өзі басқару Лигасы бар. ҚХР саяси жүйесінің спецификалық ерекшелігі – қызметі консультативтік сипаттағы халықтық саяси консультативтік кеңестер жүйесі түрінде ұйымдық түрде рәсімделген «Бірыңғай халықтық патриоттық майданның» болуы. Кеңестер саяси партиялардың, қоғамдық және бизнес ұйымдарының өкілдері болып табылады. Халықтық саяси консультативтік кеңестер халық құрылтайы сияқты барлық әкімшілік деңгейде құрылады. Ең жоғары кеңесші орган – Қытай Халықтық Саяси Консультативтік Кеңесі (ҚХСКК). 2023 ж. 4-11 наурызы аралығында Бейжіңде ҚХСКК 14-ші

ұлттық комитетінің бірінші отырысы өтті. 2023 жылдың наурызынан ҚХСКК Орталық Комитетінің төрағасы – Ван Хунин (Политическая система, 2023).

ҚХР ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары мен принциптері партия съездерінде айқындалады. 2022 ж. қазанда болған КҚП XX съезді соңғы қырық жылдағы Қытайдың ерекше съезіне айналған еді. Яғни, Си Цзиньпин КҚП Орталық Комитетінің Бас хатшысы болып үшінші рет сайланып, ал Саяси Бюроның тұрақты мүшелері Си Цзиньпинді жақтаушылардан құралды. Сонымен бірге ҚХР ішкі және сыртқы саясаты Си Цзиньпиннің идеялары бойынша қалыптасты. XX съезд Си Цзиньпиннің идеясын қазіргі заманғы «қытайлық марксизм», тіпті «XXI ғасыр марксизмі» деп бағалап, оны партияның жетекші идеясы ретінде бекітті. XX съезд құжатының «Қытай Коммунистік партиясының жаңа дәуірдегі және жаңа науқандағы міндеттері» деп аталатын үшінші бөлімінде: «Бұдан былай партияның негізгі міндеті – барлық ұлт өкілдерімен ынтымақтасу және жетекшілік ету. Толыққанды социалистік заманауи құзыретті мемлекет құру, Қытайдың жаңаруы арқылы Қытай халқының ұлы гүлденуін жан-жақты жүзеге асыру. Сондай-ақ ол осы негізгі мақсаттарға қол жеткізу үшін болашақта қолданатын сыртқы саясатты да айқындап береді» деген мәліметтер келтіріледі (Мұқаметханұлы, 2023).

Қорытынды

Қорытындылай келе, әлемдегі ең ықпалды елдердің бірі ҚХР саяси жүйесі қалыптасуы мен дамуы бойынша елеулі өзгерістерге ұшырады. «Үлкен мақсаттарға» қол жеткізу шын мәнінде Қытайдың мықты саяси партиялық-мемлекеттік жүйесінің артықшылығы болып табылады. Сондықтан Қытай үнемі ғылыми прогресс, «қытайлық ерекшелігі бар социализм жүйесі», еркін нарық және мемлекеттік реттеу, сауда үстемдігі мен идеологиялық бағыттылық бойынша даму және жетілдіруді қажет етеді. Әлемдегі қазіргі саяси жағдайды талдау негізінде дүниежүзі елдері Қытайды қызығушылықпен бақылап отыр деп айта аламыз. «Қытай арманы» саяси бағытының өзі Қытай халқының «көлеңкеден шығып», АҚШ сияқты әлемдік державалардың арасында алдыңғы қатарға шығу арманын қамтиды. Қытай әрқашан ұлы держава болған. Ал Си Цзиньпиннің «Қытай арманы» саясаты оны қайта жаңғыртуды ғана көздейді. Соның нәтижесінде

Қытай өзінің саяси жүйесін Батысқа емес, ішкі саясатына бағыттау керек деген пікір айтылды. Азаматтардың әл-ауқаты мен экономикалық даму, әлеуметтік-саяси тұрақтылық, Қытайдың ішкі аймақтарын дамыту, дәстүрлерді сақтау мен жаңғырту арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізілген жағдайда ғана саяси бағыттың оң нәтижесі болады. Мұның бәрі ҚХР «Қытай ар-

манын» жүзеге асыруға жақындатады. Қытай Халық Республикасының тәжірибесі қоғамдағы тұрақтылықтың саяси жүйеге тікелей байланысты екенін көрсетеді. Саяси реформа мемлекеттің ішкі тұрақтылығын сақтау факторы болып табылады. Саяси тұрақтылық пен қоғамдық тәртіп қана Қытайға ілгерілеу және одан әрі прогрессивті даму мүмкіндігін бере алатыны анық.

Әдебиеттер

- Алдабек Н.А., Бектурганова П.Е., Сериккалиева А.Е., Дауен Д., Асыл М. (2014). Модернизация Китая и Казахстан: монография. Отв. ред.-сост. П.Е. Бектурганова. – Алматы: Қазақ университеті. – 348 с.
- Бальчиндоржиева О.Б. (2015). Модернизация китайского общества: социально-философский анализ. [Электронный ресурс] // режим доступа: <https://www.dissercat.com/content/modernizatsiya-kitaiskogo-obshchestva-sotsialno-filosofskii-analiz> (қаралған күні: 15.12.2024)
- Белая книга: Мирное развитие Китая (2011). [Электронный ресурс] // режим доступа: https://uz.china-embassy.gov.cn/rus/sgxx/sgsd/201110/t20111024_1957241.htm (қаралған күні: 15.01.2025)
- Ван Вэй. (2018). Цели и содержание политических курсов «Китайская мечта о великом возрождении китайской нации» и «Один пояс – один путь» // Общество: политика, экономика, право. Серия Политологические науки. – Краснодар. – № 6. – С. 41-45.
- Brown K. (2022). Knowing and feeling the “China Dream”: logic and rhetoric in the political language of Xi’s China // Journal of Current Chinese Affairs. – 51(3). P. 437-455.
- Восток и политика: Политические системы, политические культуры, политические процессы (2015). / Под ред. А.Д. Воскресенского. 2-е изд., испр. и доп. – М.: Издательство «Аспект Пресс». – 624 с.
- Гао Вэньцин. (2022). Роль международных культурных связей КНР в реализации инициативы «Один пояс, один путь». [Электронный ресурс] // режим доступа: <https://www.dissercat.com/content/rol-mezhdunarodnykh-kulturnykh-svyazei-knr-v-realizatsii-initsiativy-odin-poyas-odin-put> (қаралған күні: 17.02.2025)
- Го Цзиньлун. (2019). Реформирование политической системы КНР и его сопряжение с внешней политикой страны // Иппокрена. – № 2. – С. 39–48.
- Гордон А.В. (2020). Доктрина правления Си Цзиньпина // Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. Серия 9. Востоковедение и африканистика. – 02.– С. 158-193.
- Гудошников Л.М. (2007). Политическая система и право КНР в процессе реформ 1978–2005. Л.М. Гудошников и др. – М.: Русская панорама. – 464 с.
- Zhang J. (2025). The historical evolution of Chinese political discourse and socio-ideological change: a discourse-historical analysis. Humanit Soc Sci Commun 12, 1443. <https://doi.org/10.1057/s41599-025-05796-7> (қаралған күні: 1.09.2025)
- Jinping X. The Governance of China. Published by Foreign Languages Press Co. Ltd, Beijing, China, 2014. <https://share.google/35GIBFKxQgRDsslLW> (қаралған күні: 03.09.2025)
- Зуенко И.Ю. (2017). Укрепление «вертикали власти» по-китайски: кадровая политика в отношении регионального руководства в современном Китае // Контуры глобальных трансформаций: политика, экономика, право. – М.: – № 10 (5). – С. 30-46.
- Лукин А.В. (2021). Политическая система современного Китая и типология коммунистических режимов // Сравнительная политика. № 3. С. 63-84.
- Мұқаметханұлы Н. (2023). Қытай: сыртқы саясат сипаты [Электронный ресурс] // режим доступа: <https://egemen.kz/article/335374-qytauy-syrtqy-sayasat-sipaty> 15 ақпан. – (қаралған күні: 07.01.2025)
- Политическая система (2023). [Электронный ресурс] // режим доступа: https://beijing.mid.ru/ru/countries/kitay/politicheskaya_sistema/ (қаралған күні: 22.01.2025)
- Садченко В.Н., Величко Л.Н. (2018). Эволюция политического режима в Китайской Народной Республике в период председательства Си Цзиньпина // Общество: политика, экономика, право. Серия Политологические науки. – Краснодар. – № 11. – С. 36-41.
- Смирнов Д.А. (2008). Политическая система Китайской Народной Республики: основные этапы и особенности развития // Социология власти. Серия Политологические науки. – С. 162-168.
- Современное китайское государство (2022). Гл. ред. А.В. Виноградов; Институт Дальнего Востока РАН. – Т. 1. М.: РАН – 903 с.
- Трощинский П.В. (2016). Правовая система Китая: монография / П.В. Трощинский. – М.: ИДВ РАН., – 472 с.

References

- Aldabek N.A., Bekturganova P.E., Serikkalieva A.E., Dauen D., Asyl M. (2014). Modernizaciya Kitaya i Kazakhstan: monografiya. Ot. red.-sost. P.E. Bekturganova. – Almaty: Qazaq universiteti. – 348 s. [in Russian]
- Balchindorzhieva O.B. (2015). Modernizaciya kitajskogo obshchestva: sotsial'no-filosofskij analiz. [E'lektronny'j resurs] // rezhim dostupa: <https://www.dissercat.com/content/modernizatsiya-kitajskogo-obshchestva-sotsialno-filosofskii-analiz> (karalğan kыni: 15.12.2024) [in Russian].
- Belaya kniga: Mirmoe razvitiye Kitaya. (2011). [E'lektronny'j resurs] // rezhim dostupa: : https://uz.china-embassy.gov.cn/rus/sgxx/sgsd/201110/t20111024_1957241.htm (karalğan kыni: 15.01.2025) [in Russian].
- Van Vei. (2018). Czeli i sodержanie politicheskikh kursov «Kitajskaya mehta o velikom vozrozhdenii kitajskoj naczii» i «Odin poyas – odin put'» // Obshchestvo: politika, e'konomika, pravo. Seriya Politologicheskie nauki. – Krasnodar. – № 6. – S. 41-45. [in Russian]
- Brown K. (2022). Knowing and feeling the “China Dream”: logic and rhetoric in the political language of Xi's China // Journal of Current Chinese Affairs. – 51(3). P. 437-455. [in English].
- Vostok i politika: Politicheskie sistemy, politicheskie kul'tury, politicheskie proczessy. (2015). / Pod red. A. D. Voskresenskogo. – 2-e izd., ispr. i dop. – M.: Izdatel'stvo «Aspekt Press». – 624 s. [in Russian]
- Gao Venczzin. (2022). Rol' mezhdunarodny'kh kul'turny'kh svyazej KNR v realizacii inicziativy «Odin poyas, odin put'». [E'lektronny'j resurs] // rezhim dostupa: <https://www.dissercat.com/content/rol-mezhdunarodnykh-kulturnykh-svyazei-knr-v-realizatsii-inicziativy-odin-poyas-odin-put> (karalğan kыni: 17.02.2025) [in Russian].
- Go Czzinlun. (2019). Reformirovanie politicheskoy sistemy KNR i ego sopryazhenie s vneshnej politikoj strany // Ippokrena. – № 2. – S. 39–48. [in Russian]
- Gordon A.V. (2020). Doktrina pravleniya Si Czzinpina // Sotsial'ny'e i gumanitarny'e nauki. Otechestvennaya i zarubezhnaya literatura. Seriya 9. Vostokovedenie i afrikanistika. 02. – S. 158-193. [in Russian]
- Gudoshnikov L.M. (2007). Politicheskaya sistema i pravo KNR v protsesse reform 1978–2005. L.M. Gudoshnikov i dr. – M.: Russkaya panorama. – 464 s. [in Russian]
- Zhang J. (2025). The historical evolution of Chinese political discourse and socio-ideological change: a discourse-historical analysis. Humanit Soc Sci Commun 12, 1443. <https://doi.org/10.1057/s41599-025-05796-7> (karalğan kыni: 1.09.2025) [in English].
- Jinping X. The Governance of China. Published by Foreign Languages Press Co. Ltd, Beijing, China, 2014. <https://share.google/35GIBFKxQgRDsslW> (karalğan kыni: 03.09.2025) [in English].
- Zuenko I.Yu. (2017). Ukreplenie «vertikali vlasti» po-kitajski: kadrovaya politika v otnoshenii regional'nogo rukovodstva v sovremennom Kitae // Kontury' global'ny'kh transformacij: politika, e'konomika, pravo. – Moskva. – № 10 (5). – S. 30-46. [in Russian]
- Lukin A.V. (2021). Politicheskaya sistema sovremennogo Kitaya i tipologiya kommunisticheskikh rezhimov // Sravnitel'naya politika. № 3. S. 63-84. [in Russian]
- Mykametkhanuly' N. (2023). Kytai: syrtky sayasat sipaty [E'lektronny'j resurs] // rezhim dostupa: <https://egemen.kz/article/335374-qytay-syrtqy-sayasat-sipaty> 15 akpan, 2023. – (karalğan kыni: 07.01.2025) [in Kazakh].
- Politicheskaya sistema. (2023). [E'lektronny'j resurs] // rezhim dostupa: https://beijing.mid.ru/ru/countries/kitay/politicheskaya_sistema/ (karalğan kыni: 22.01.2025) [in Russian].
- Sadchenko V.N., Velichko L.N. (2018). E'voljucziya politicheskogo rezhima v Kitajskoj Narodnoj Respublike v period predsdatel'stva Si Czzin'pina // Obshchestvo: politika, e'konomika, pravo. Seriya Politologicheskie nauki. – Krasnodar. – № 11. – S. 36-41. [in Russian].
- Smirnov D.A. (2008). Politicheskaya sistema Kitajskoj Narodnoj Respubliki: osnovny'e e'tapy i osobennosti razvitiya // Socziologiya vlasti. Seriya Politologicheskie nauki. – S. 162-168 [in Russian].
- Sovremennoe kitajskoe gosudarstvo (2022). Gl. red. A.V. Vinogradov; Insitut Dal'nego Vostoka RAN. – T. 1. M. : RAN – 903 c. [in Russian]
- Troshchinskij P.V. (2016). Pravovaya sistema Kitaya: monografiya / P.V. Troshchinskij. – M.: IDV RAN,. – 472 s. [in Russian]

Автор туралы мәлімет:

Есеркепова Жанар Онгаровна – тарих ғылымдарының кандидаты, Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінің доценті (Алматы, Қазақстан, e-mail: zhanareee@gmail.com)

Information about the author:

Yesserkepova Zhanar Ongarovna – candidate of Historical Sciences, Associate professor, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhanareee@gmail.com)

Сведения об авторе:

Есеркепова Жанар Онгаровна – кандидат исторических наук, доцент Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана (Алматы, Казахстан, e-mail: zhanareee@gmail.com).

Келін түсті: 11.07.2025

Қабылданды: 25.11.2025